

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2022 жылғы 11-17 тамыз

Респонденттердің саны: 11

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық даму банкі, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні):

Көрсеткіш	2021 (факт)	2022	2023	2024
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	71,1	101,0	89,9	75,0
ЖІӨ %, ж/ж	4,1	3,0	3,8	4,0
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	8,4	15,1	8,8	7,0
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	9,2	13,6	12,0	9,2
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	66,2	85,0	92,6	90,6
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	47,3	52,8	56,4	60,1
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	426,0	460,0	478,4	495,0
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	8,0			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	3,5			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Респонденттердің медианалық болжамы бойынша 2022 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы орта есеппен жылына бір баррель үшін **101** АҚШ доллары, 2023 жылы – **89,9** АҚШ доллары, 2024 жылы – **75,0** АҚШ доллары деңгейінде қалыптасады. Ағымдағы жылға сарапшылардың болжаулары бір баррель үшін 90 АҚШ долларынан 110 АҚШ долларына дейін өзгереді. 2023 және 2024 жылдарға арналған болжамдар диапазоны кеңееді, дегенмен респонденттердің көпшілігі мұнай бағасының төмендеуін күтуде.

ЖІӨ. Респонденттердің болжамдары бойынша 2022 жылы Қазақстан экономикасының өсімі **3,0%**, 2023 жылы – **3,8%**, 2024 жылы – **4%** деңгейінде қалыптасады. Ағымдағы жылға сарапшылардың болжамдары 2,6% - дан 4% - ға дейін

* Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі

** 5 жыл шегінде күтілетін әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны

өзгереді. 2023 және 2024 жылдары сарапшылар экономикалық өсудің қалпына келуін күтуде.

ТБИ. 2022 жылғы желтоқсанда респонденттер инфляция **15,1%** деңгейінде қалыптасуының күтеді. 2023 жылы респонденттер инфляцияның **8,8%** - ға дейін және 2024 жылы **7,0%** - ға дейін едәуір төмендеуін күтуде.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. 2022 жылы респонденттер базалық мөлшерлемені жылына орта есеппен **13,6%**, 2023 жылы – **12,0%**, 2024 жылы – **9,2%** деңгейінде күтеді. Ағымдағы сәтте базалық мөлшерлеме жыл басынан бастап орта есеппен **13,1%** деңгейінде қалыптасып тұр. Осылайша, респонденттердің көпшілігі жыл соңына дейін **базалық мөлшерлеменің сақталуын немесе жоғарылауын** күтуде.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. 2022 жылы экспорт көлемі бойынша болжамдардың медианалық мәні **85** млрд. АҚШ долл., 2023 жылы – **92,6** млрд. АҚШ долл., 2024 жылы – **90,6** млрд. АҚШ. долл. деңгейінде қалыптасқан.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2022 жылы респонденттер импорттың өсіп келе жатқан көлемін **52,8** млрд. АҚШ долл., 2023 жылы – **56,4** млрд. АҚШ долл., 2024 жылы – **60,1** млрд. АҚШ. құрады

USD/KZT БАҒАМЫ. 2022 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің айырбас бағамы жылына орташа есеппен бір АҚШ доллары үшін **460** теңге деңгейінде, 2023 жылы – бір АҚШ доллары үшін **478,4** теңгеге дейін, 2024 жылы – **495,0** теңгеге дейін әлсіреуін күтуде.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейін респонденттер **8%** деңгейінде бағалайды. Болжамдардың ауқымы **6%** - дан **11%** - ға дейін өзгереді.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Сарапшылар әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын 5 жылдық шегінде **3,5%** деңгейінде күтеді. Болжам ауқымы **2%**-дан **4%**-ға дейін өзгереді.

Жалпы, макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша респонденттердің **болжамдарының диапазоны** 1 жылдың шегінде де, орта мерзімді перспективада да кең, бұл ішкі және әлемдік нарықтардағы жағдайдың даму перспективаларына қатысты нарық қатысушыларының белгісіздігінің жоғары деңгейін көрсетеді.